

АЛТЫНБЕКОВ ҚОСАЙ СҰЛТАНҰЛЫ

филология ғылымдарының кандидаты



Алтынбеков Қосай Сұлтанұлы 1958 жылы туған. 1988 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ филология факультетін «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бітірген. 1988 жылдан қазіргі уақытқа дейін осы оқу орнында, яғни бұрынғы М.О.Әуезов атындағы педагогикалық институты, кейіннен Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, қазіргі Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының қазақ тілі және қазақ әдебиеті кафедрасында қызмет етіп келеді.

Жоғары оқу орны студенттеріне арналған қазақ әдебиетінің ежелгі, хандық дәуірі, ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті бойынша және дипломдық, курстық жұмыстар жазуға арналған 20-ға тарта оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқаулардың және көптеген ғылыми мақалалардың авторы.

2010 жылы «Көне түркі әдебиеті мен фольклордың арақатынасы (Орхон жазбалары бойынша)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған.